

## **Әдістемелік кеңес ХАТТАМАСЫ №6**

**Откізілген уақыты:** 28 мамыр 2025 жыл

**Катысқандар:** барлық педагогтер

**Тақырыбы:** Қорытынды: 2024-2025 оку жылында атқарылған жұмыстар туралы

**Күн тәртібі:**

1. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша есеп.
2. Жазғы сауықтыру жоспары.
3. Ағымдағы сұрақтар

**Тыңдалды:**

Әдіскер кеңес барысында мекеме басшысы балабақшаны дамыту бағдарламасының орындалу барысы жөнінде есеп берді. Есепте білім беру сапасын арттыру, тәрбиешілердің біліктілігін көтеру, инновациялық әдістерді енгізу, материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, алдағы оку жылына арналған басымдықтар айқындалып, оларды жүзеге асыру жолдары ұсынылды.

Педагогтер есепті тыңдалап, өз пікірлерін білдірді. Педагогтар тарарапынан әдістемелік құралдармен қамту, ата-анамен тығыз байланыс орнату және жобалық жұмыс бағыттарын кеңейту ұсынылды.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қызығушылығын арттыру және танымдық қабілеттің дамыту мақсатында әзірленген жоспар таныстырылды. Жоспарда спорттық жарыстар, серуендер, су қую, табиғат аясындағы ойындар, тәжірибе жұмыстары, ұлттық ойындар мен тақырыптық апталықтар қамтылған.

Тасбулатова А.М. мен Христич М.В. жазғы сауықтыру жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, шараларды түрлендіріп откізуді ұсынды.

Жаңа оку жылына дайындық жұмыстары басталсын (оку құралдарын түгендеу, бөлмелерді жабдықтау).

Педагогтардың жазғы еңбек демалысын дұрыс ұйымдастыру.

**Шешім:**

Бағдарлама аясында белгіленген жұмыстар жүйелі түрде жалғасын тапсын.

Жоспар бекітіліп, іс жүзінде жүйелі жүзеге асырылсын.

Барлық топтарда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізіліп, қатаң бақылау орнатылсын.

Әр топтағы оку құралдары мен ойыншықтар толық тексеріліп, қажеттісі толықтырылсын.

Демалыстағы тәрбиешілердің орнына уақытша ауыстырылу ретімен жұмыс жүргізілсін.

**Әдістемелік кеңес төрайымы**

**Әдістемелік кеңес хатшысы**



**Демеуова Ж.**

**Хуат С.**